



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 26-27 (8413-8414) Бейсенбі 10 наурыз 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

АУДАНДЫҚ ӘКІМДІКТЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ

А.Шотбасова,
«Ауыл жаңалығы».

Бүгінде елімізде мемлекеттік қызметті жетілдіруге бағытталған реформалар қолға алынып, жыл өткен сайын мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар күшейтіле түсуде. Осылайша халыққа қызмет етудің сапасы да артып келеді. Мемлекеттік қызметті жаңғыртудың негізгі қырлары ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты еңбегінің екінші бөлігінде анық айтылған. Мақаладағы «Мемлекеттік қызметке орналасу тек кешенді іріктеу мен жұмысты тек төменгі лауазымдардан бастаудың нәтижелері бойынша мүмкін болады. Жұмыс тәжірибесі мемлекеттік қызметшінің мансаптық ілгерілеуінің басты шарты болады және мұнда да тек конкурстық негізде жүзеге асырылады. Сондай-ақ жекелеген мемлекеттік қызметшілер ротацияларының мүмкіндігі көлбеуінен және тігінен оларды қызметтік баспанамен қамтамасыз ете отырып қарастырылған. Екіншіден, мемлекеттік қызметке ашық конкурс арқылы және Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның шешімі бойынша келісімшарттық негізде мемлекеттік емес сектордағы басқарушылар қатарынан азаматтар және шетелдік менеджерлер тартыла алады. Үшіншіден, мемлекеттік қызметшіге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі оның біліктілігі мен атқаратын жұмысының сипатына, көлемі мен нәтижесіне байланысты заң тұрғысынан бекітіледі. Аса



нәтижелі қызмет үшін бонустар төлеу қарастырылған» деген сөздер мемлекеттік кәсібилендіруге, мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға, осы қадамдар арқылы мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын талаптарды барынша арттырып, тиісінше мемлекеттік қызметшілерді ынталандыруға бағытталған. Ал мұндай жүйені 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізу жоспарланып отыр.

Бейсенбі күні аудандық әкімшіліктің мәжілістер залында мемлекеттік қызметтің мәртебесіне арналған семинар болып өтті. Байзақ ауданы әкімдігінің бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері, мекеме басшылары мен мектеп директорлары, балабақша меңгерушілері қатысқан «Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі және мемлекеттік қызметшінің жаңаша келбеті» атты семинарды аудан әкімі М.Шүкеев ашты. Мұратхан Жүнісәліұлы Ұлт жоспары «100 нақты қадамның» алғашқы 15-і мемлекеттік аппарат құруға, мемлекеттік басқарудың халыққа адал қызмет етуге бағытталған үлгісін қалыптастыруға

арналғандығын атап өтіп, ендігі жерде мемлекеттік қызметшілерге жауапкершілік те арта түсетіндігін мәлімдеді.

Мұнан соң мемлекеттік қызмет жүйесіндегі бағалау, конкурстық іріктеу, сынақ мерзімі мен тәлімгерлікті бекіту, әдеп нормалары және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары туралы түсінік беру үшін ауданымызға арнайы келген Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері департаментінің басшысы, әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Исаков Болат Әлмұқанұлы бастаған бір топ мамандар сөз сөйледі.

Өз сөзінде Б.Исаков Елбасы жариялаған «100 нақты қадам» ұлттық жоспарын іске асыру аясында елімізде барлығы 80-ге жуық заң мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылданғандығын, бұл заңдар мен заңнамаларды ел-жұртқа таныстырудың тиімділігіне тоқталды. Әсіресе «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарын әрбір мемлекеттік қызметші білуі тиіс деп атап өтті.

Келесі кезекте мінбеге көтерілген Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері департаментінің мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Г.Смағұлова – кәсіби мемлекеттік аппаратты құру жолында мемлекеттік қызметке қабылдау, мансаптық ілгерілеу, мемлекеттік қызметшілердің жұмысын бағалау тетіктері, аталмыш департаменттің мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы К.Қарашолаков – мемлекеттік қызметте сынақ мерзімінен өтудің қағидалары мен шарттары туралы түсінік берді.

Ал, Департамент басшысының орынбасары, әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі Д.Қаипов мемлекет басшысының Жарлығы мен қабылданған мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттарын белгілейтін әдеп Кодексі жайында, Департаменттің сыбайлас жемқорлық профилактикасы басқармасының басшысы Е.Жұмабеков жемқорлық фактілерін туғызатын жағдайлар мен себеп-салдарды жоюдың тәсілдері және осы саладағы заңнамалық өзгерістерді әңгімеледі.

Семинар барысында оған қатысушылар қонақтарға өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, тиісінше жауаптар алды. Семинарды аудан әкімі М.Шүкеев қорытып, жиынның пайдалы болғандығын, әлемнің ең

озық елдерінің қатарына ену үшін әрбір азамат, оның ішінде мемлекеттік қызметші тікелей атсалысуы керектігін айтып, ауданымызға ат басын бұрған қонақтарға алғысын білдірді.

* * *
Артынша «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері департаментінің басшысы, әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Исаков Болат Әлмұқанұлы азаматтарды жеке қабылдады.



Қабылдауға келген Мырзатай ауылдық округі әкімі аппаратының қаржы агенті бас маманы К.Жантасов зейнет жасына толуына байланысты мемлекеттік қызмет өткеруін ұзарту жөнінде, жас мамандар А.Юсупова, Д.Жұмабек, К.Қусымисова жаңа заң бойынша мемлекеттік қызметке орналасу және ішкі конкурста қатысу тәртібі, өзгеріс енгізілген тестілеу бағдарламасы жайында сұрастырып, білді.

ЕҢБЕК ПЕН ҚҰРМЕТ



АРДАГЕРЛЕР-БІЗДІҢ АЛТЫН ҚОРЫМЫЗ, МАҚТАНЫШЫМЫЗ. ОЛАР БҮКІЛ САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН, ҚАЖЫР-ҚАЙРАТЫН ЕЛ ИГІЛІГІНЕ, ҰРПАҚТӘРБИЕСІНЕ ЖҰМСАДЫ. СОНДЫҚТАН ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІМЕН БАРШАҒА ҮЛГІ БОЛА БІЛГЕН, ЕЛ ҮШІН ЕТКЕН ЕҢБЕГІ-ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ АЙНАЛҒАН АҒА ҰРПАҚҚА ҚҰРМЕТ ЕШУАҚЫТТА ОРТАЙМАЙДЫ.

Өткен аптада аудандық ардагерлер кеңесінде өткен жиында Байзақ ауданының Құрметті азаматы, ұзақ жылдар бойы аудандық ардагерлер кеңесін жемісті басқарған Рәш Шәметовке құрмет көрсетілді.

Алқалы жиынды аталмыш кеңес төрағасының орынбасары С. Ермаков ашып, жүргізіп отырды.

Жиында сөз алған Жамбыл

облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары С.Жорабеков бүгінде 90-жасқа таяп қалған Рәш ақсақалдың өмірлік тәжірибесі бай, көргені мен көңілге түйгені мол екендігін, өңірдің абыз қариясы Байзақ аудандық ардагерлер кеңесін басқарған жылдарындағы атқарған игілікті істеріне кеңінен тоқталды. Қазыналы қарияға республикалық ардагерлер ұйымы қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы Өмірзақ Озғанбаевтың қолы қойылған Құрмет грамотасымен қоса ұялы телефон табыс етті.

Жиында сөз алған Үлгілі ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Ә.Садуақасов Рәш ағаның елігілігі жолында мінсіз қызмет атқарғанын, өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын айрықша қасиетін, әсіресе ауданда кадр даярлау

ісіндегі көрегенділігінің басым болғандығын, кемшіліктен гөрі адам бойындағы жақсылықты көре білетін қасиетін тілге тиек етті. «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Тілепов Рәш ағадай қарияларды үлгі тұтып, олардың өзі барында бағалап, жасаған игі істерін ғибрат ету – маңызды екендігін, Рәш ағамен мақтанатындығын, оған көрсетілген құрмет-ауданға көрсетілген құрмет деп сөзін түйіндеді.

«Асыл туған адамның алтынға жетпес нарқы бар» дегендей, жақсы адамның өзі де, сөзі де, ісі де, қоғам үшін атқарған тірліктері де жарқырап тұрады, - деп сөзін бастаған түрік ұлттық мәдени орталығының жетекшісі М.Раджамов халықпен қоян-қолтық тығыз бірлікте жұмыс жасаған ардақты ағаның ақыл кеңесі бүгінгі ұрпаққа ауадай қажет екендігін айтса, Байзақ ауданының Құрметті азаматы Ж.Құмғанбаев, аудандық мәслихат аппаратының құқықтық қызмет және құжаттама бөлімінің басшысы Ш.Мырзалиев бүкіл саналы ғұмыры мен күш-қуатын елге адал қызмет етуге арнаған Рәш ағаның тәрбиесін көргендігін айтып, марапатымен құттықтап, ізгі лебізін білдірді.

-Менің екі байлығым бар, біріншісі- балаларым, екіншісі еңбегімнің рахатын көріп отырмын. Ең үлкен құрмет-елдің ықыласы. Адал еңбек абыройға жеткізіп, құрметке кенелтеді, -дей отырып, Рәш аға өзіне құрмет көрсеткендерге алғысын айтып, батасын берді.

Өз тілшіміз.

“Тәуелсіздіктің 25 жылдығына- 25 ИГІЛІКТІ ІС”

Сәбилерге тарту жасалды

Биылғы жыл-Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы тойланатын айрықша жыл. Айтулы той қарсаңында еліміздің түкпір-түкпірінде қолға алынған “Тәуелсіздіктің 25 жылдығына- 25 қайырымды іс” атты ізгілікті акция біздің ауданымызда да жалғасын табууда.



Осы аптада Үлгілі орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Мелдбекова, әлеуметтік педагог С.Ибадуллаева және тәлімгер Қ.Қуатбекова, ұстаз О. Ниязбекованың мұрындық болуымен “Сәбилерге қуаныш сыйлайық” атпен сауапты іс атқарылды.

5-сынып оқушылары Б. Абдуллаева, А.Төленова, М.Қуанышбекова, А.Қыдырбай, М.Сағындықова, Ж.Естаева, А.Миятовалар өз қолдарымен тоқыған шұлықтарымен қоса гүл шоқтарын аудандық перзентханада жарық дүние есігін ашқан нәрестелердің аналарына табыстады. Аудандық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары Г. Мамырбаева ауданымызда алғашқы рет өткізіліп отырған қайырымдылықтың маңызын тілге тиек етіп, жас аналарға қуаныш сыйлаған білім ошағының ұстаздары мен оқушыларына алғысын айтты. Жас аналар атынан сөз алған сарыкемерлік А.Турова, А.Қурман және абайлық Ә.Алдабековалар жақсы іс-адам жанын жадырататындығын сөз ете отырып, мектеп оқушыларының жомарттықтарына ризашылықтарын білдірді.

Өз тілшіміз.

Жамбыл облысы Байзақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Сарыкемер ауылы

№43

8 наурыз 2016 жыл

Байзақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 46 бабының 8-1 тармағына сәйкес:

Округтік сайлау комиссияларының сайлау округі бойынша сайлау нәтижелерін анықтау жөніндегі отырысын өткізу үшін белгіленген отырыс орындары мен уақыты туралы мәліметтерді хабарлайды.

1. Ж а м б ы л о б л ы с т ы қ мәслихатының депутатты сайлау жөніндегі:

- **№10 округтік сайлау комиссиясы,** №126 сайлау учаскесі, Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр көшесі №76, әл-Фараби атындағы мәдениет үйі, 20 наурыз, сағат 24.00 -ден кешіктірмей;

- **№11 округтік сайлау комиссиясы,** №139 сайлау учаскесі, Бурыл ауылы, 9 мамыр көшесі №17, Бурыл орта мектебі, 20 наурыз, сағат 24.00-ден кешіктірмей;

- **№12 округтік сайлау комиссиясы,** №143 сайлау учаскесі, Жетібай ауылы, Әденов көшесі №1, Жамбыл атындағы орта мектеп, 20 наурыз, сағат 24.00 -ден кешіктірмей;

- **№4 округтік сайлау комиссиясы,** №142 сайлау учаскесі, Мырзатай ауылы, Центральная көшесі №19, Мырзатай орта мектебі, 20 наурыз, сағат 24.00 -ден кешіктірмей;

- **№5 округтік сайлау комиссиясы,** №133 сайлау учаскесі, Жақаш ауылы, Әйтімбетов көшесі №44, Суханбаев атындағы орта мектеп, 20 наурыз, сағат 24.00 -ден кешіктірмей;

- **№6 округтік сайлау комиссиясы,** №118 сайлау учаскесі, Тегістік ауылы, Школьная көшесі №1, Чапаев атындағы орта мектеп, 20 наурыз, сағат 24.00 -ден кешіктірмей;

- **№7 округтік сайлау комиссиясы,** №123 сайлау учаскесі, Талас ауылы, Б.Туғанбаев көшесі №3, Н.Гоголь атындағы орта мектеп, 20 наурыз, сағат 24.00 -ден кешіктірмей;

- **№8 округтік сайлау комиссиясы,** №122 сайлау учаскесі, Қызыл жұлдыз ауылы, Тортаев көшесі №53, Ақшабаев атындағы орта мектеп, 20 наурыз, сағат 24.00 -ден кешіктірмей;

- **№9 округтік сайлау комиссиясы,** №125 сайлау учаскесі, Байзақ ауылы, С.Байдешова көшесі, №30 б, ауылдық клуб, 20 наурыз, сағат 24.00 -ден кешіктірмей;

- **№10 округтік сайлау комиссиясы,** №126 сайлау учаскесі, Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр көшесі №76, әл-Фараби атындағы мәдениет үйі, 20 наурыз, сағат 24.00 -ден кешіктірмей;

- **№11 округтік сайлау комиссиясы,** №128 сайлау учаскесі, Сарыкемер ауылы, Қосы батыр көшесі №47, Ғ.Мұратбаев атындағы мектеп-гимназия, 20 наурыз, сағат 24.00 -ден кешіктірмей;

- **№12 округтік сайлау комиссиясы,** №147 сайлау учаскесі, Сарыкемер ауылы, Мәмбет батыр көшесі №27 а, Сарыкемер орта мектебі, 20 наурыз сағат 24.00 -ден кешіктірмей;

- **№13 округтік сайлау комиссиясы,** №130 сайлау учаскесі, Сарыкемер ауылы, Абдиқаримов көшесі №48, Н.Қиқбаев атындағы орта мектеп, 20 наурыз, сағат 24.00 -ден кешіктірмей;

- **№14 округтік сайлау комиссиясы,** №139 сайлау учаскесі, Бурыл ауылы, 9 мамыр көшесі №17, Бурыл орта мектебі, 20 наурыз, сағат 24.00-ден кешіктірмей;

- **№15 округтік сайлау комиссиясы,** №140 сайлау учаскесі, Құмжота ауылы, Талас көшесі №2/1, Алтынсарин атындағы орта мектеп, 20 наурыз, сағат 24.00 -ден кешіктірмей.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы А.Тулепбергенов.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫН ДАМУЫ - БАСТЫ МАҚСАТ

М.Манекеев, «Ауыл жаңалығы».

Қазақстанның халық шаруашылығының ең негізгі маңызды саласы – ауыл шаруашылығы болып табылады. Оның маңыздылығы – ең алдымен халықты азық-түлік өнімдерімен, ал, ондеуші өнеркәсіпті қажетті ауыл шаруашылық шикізатымен қамтамасыз ету болып табылады.

Ауыл шаруашылығының еліміздің экономикалық, әлеуметтік өмірінде айрықша орын алатыны баршымызға белгілі. Ауыл шаруашылығы дамуының деңгейі көбінесе, елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайды. Қазақстанның ауыл шаруашылығына қолайлы жерлері көп болғандықтан, әлем нарығында бәсекелестікке қабілетті агроөнеркәсіп секторын дамытуға барлық мүмкіндіктері бар. Оған қоса, ел халқының жартысына жуығының әлеуметтік жағдайы ауыл аймақтарымен тығыз байланыста. Ауыл республика экономикасы дамуындағы маңызды фактор болса, ауыл халқы еліміздің қоғамдық – саяси тұрақтылығының да шешуші факторы болып есептеледі.

Бұл маңызды мәселе аудан әкімінің орынбасары Ә.Қилыбаевтың төрағалығымен өткен кездесу барысында кеңінен талқыланды. Алдымен күн тәртібіне шығарылған мәселе - ауыл шаруашылығы саласын дамыту туралы облыс әкімдігі ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Н.Нұржігітов хабарлама жасады.

Нұржан Молдиярұлы өз сөзінде ауыл шаруашылығын кооперациялау, салаға берілетін инвестициялық субсидия, ағымдағы жылы өңірде егілетін қант қызылшасының көлемі, көктемгі егіс науқанына дайындық барысы, алынған минералды тыңайтқыштар мен гербицидтерге берілетін субсидиялар туралы жан-жақты мәліметтер берді.

Бұдан кейін «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» мемлекеттік бағдарламалары бойынша берілетін несие тәртібі туралы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ы Жамбыл облыстық филиалының директоры Нұрғали Сейтбеков түсінік берді.

Кездесу барысында аудан шаруалары тарапынан қойылған көкейкесті мәселелерге қатысты сауалдарға нақты жауаптар қайтарылды.

Аталмыш кездесуге «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ы Жамбыл облыстық филиалының кредиттік менеджері Руслан Оралбеков, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ы Жамбыл облыстық филиалының кредиттік менеджерлері Ринат Абдуллаев, Асхат Усманов, Руслан Рахманбердиев, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы өсімдік шаруашылығы бөлімінің басшысы Шәкір Момынқұлов, мал шаруашылығы бөлімінің басшысы Аманбай Қошамбеков, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және кооперациялау бөлімінің басшысы Қайрат Аманов, экономика бөлімінің басшысы Марат Бүркітбаевтар қатысты.

ҚҰҚЫҚ БҰРЫШЫ

ТАТУЛАСТЫРУ рәсімдері талқыланды

Таяуда аудан судьялары мен мемлекеттік қызметкерлердің қатысуымен Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық-процестік кодексіні талқылауға арналған шарада Байзақ аудандық сотының төрағасы Д.Тасыбаев жаңа қабылданған Кодекстің нормаларын түсіндіре отырып, кодекстің 17 тарауында көрсетілген татуластыру рәсімдеріне тоқталды.

Сондай-ақ Дәулет Еркебекұлы тараптар татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап, не осы кодексте белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алатынын жеткізді.

Сонымен қатар, сот төрағасы семинарға қатысушылардың назарын татуласу шараларын тек бітімгерлер емес, сонымен қатар бірінші сатыдағы және апелляция судьялары да жүзеге асыра алатындығына аударды. Бұл шара дауды шешуде уақытты анағұрлым үнемдейтінін жеткізді.

Семинар соңында оған қатысушылар жаңа кодексті талқылап, судьялар өзара пікір алмасты. Азаматтық-процестік кодекс азаматтар мен заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін қамтамасыз ететіні және азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін арттыратыны туралы ой-пікірлерімен бөлісті.

Маңызды мәселеге арналған СЕМИНАР

Өткен аптада Тараз мемлекеттік университетінде Қазақстан Республикасының жаңа азаматтық процесістік кодексіні түсіндіру мен талқылауға арналған семинар өтті. Кездесуді Тараз мемлекеттік университетінің заң факультетінің деканы Қ.Нұрманбетов ашып жүргізіп отырды.

Алқалы жиында Байзақ аудандық сотының төрағасы Д.Тасыбаев баяндама жасап, онда үстіміздегі жылдың I қаңтарынан күшіне енген ҚР жаңа азаматтық процесістік кодекске жан-жақты тоқталды.

Баяндамашы жаңа АПК тәжірибеде «100 нақты қадам – қазіргі заманғы мемлекет барлығы үшін» Ұлт жоспарында көзделген шараларды жүзеге асырады. Сонымен қатар, бес сатылы сот жүйесінен үш сатылы сот жүйесіне өтетіні жайлы, арызды қозғалыссыз қалдыру процедурасы алынып тасталғанын, істі әзірлеудің сатысының онтайландырылғандығын, дауды партисипативтік тәртібімен шешу рәсімі енгізілгендігін, талап арыздың мазмұны және оған тіркелетін құжаттардың тізімі, прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысушыларының қысқартылғандығы туралы баяндады.

Жаңартылған АПК азаматтар мен заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін соттың тиімді қорғауына, дауларды қарастыру және шешу сапасын арттыру және тездету, сот төрелігінің актілерін шығаруға бағытталған. Бұл жөнінде кенінен сөз қозғаған Дәулет Еркебекұлы жаңа АПК бойынша міндетті түрде барлық сот отырыстарының аудио-бейне таспаға жазылу арқылы өткізу енгізілгені жайлы айтып берді.

Семинарға қатысқан заң факультетінің білімгерлері қылмыстық және әкімшілік заңнамалар бойынша көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, нақты жауаптар алды.

* * *

Жуырда Байзақ аудандық сотының судьясы Е.Аққулиевтің төрағалығымен «Жеңілдетілген, теріс қылқытар және жеке айыптау бойынша қылмыстық істерді қарау ерекшеліктері» тақырыбында өткен семинарға АІП-нің қызметкерлері, жергілікті БАҚ өкілдері қатысты.

Семинар барысында судья Е.Аққулиев жеңілдетілген, теріс қылқытар және жеке айыптау бойынша қылмыстық істерін қарау тақырыбында баяндама жасады.

Судья Е.Аққулиев ҚР ҚПК-тің 32-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер жеке айыптау істер санатының жататынын, аталған істер бойынша іс жүргізу жәбірленушінің шағымы бойынша ғана қозғалатынын және оның

айыпталушы немесе сотталушымен татуласуына орай, қысқартуға жататындығын айтты. Жеке айыптау ісін сот отырысында қарау сот талқылауының жалпы қағидалары бойынша жүргізілетінін, тараптар жеке айыптау ісі бойынша соттың шешіміне ҚР ҚПК-те көзделген тәртіп пен мерзімде жалпы негіздерде шағым жасай алатынын, сонымен қатар, жеке айыптау ісі бұрын кері қайтарылып алынған болса, ол қайтадан қозғалмайтындығын жеткізді.

Іс-шара қорытындысында судья Е.Аққулиев қатысушылардың қойған сұрақтарына жауап берді.

ПОЛЬЗУЙТЕСЬ СЕРВИСОМ “СУДЕБНЫЙ КАБИНЕТ”

А. Узбекова, заведующая канцелярией Байзакского районного суда.

Согласно рейтингу Глобального индекса конкурентоспособности Всемирного экономического форума за 2015-2016 годы Казахстан по индикатору «Судебная независимость» занял 72 место. В прошлом году – 86 место. Рост на 14 позиций. Это свидетельствует об эффективности государственной политики по развитию судебной власти.

На сегодняшний день для эффективности работы судов запущен сервис «Судебный кабинет». Сервис находится в разделе сайта Верховного суда Республики Казахстан. Использование сервиса «Судебный кабинет» позволяет пользователю беспрепятственно ознакомиться с судебными документами.

Сервис «Судебный кабинет» предназначен для подачи заявлений, обращений, жалоб и ходатайств, а также для отправки писем в судебные органы Республики Казахстан. Посредством данного сервиса можно произвести поиск судебных документов и дел, оплатить онлайн государственную пошлину, отслеживать ход рассмотрения дела, перейти на форум “Талдау” (обобщение судебной практики).

Судебный кабинет обеспечивает гражданам доступ к электронным сервисам судебных органов посредством единого окна.

Для того, чтобы можно было пользоваться сервисами «Судебного кабинета», участнику судопроизводства необходимо получить электронную цифровую подпись Национального удостоверяющего центра Республики Казахстан (далее - ЭЦП НУЦ) и пройти процедуру регистрации в «Судебном кабинете» с использованием ЭЦП НУЦ.

Модуль «Ознакомление с судебными документами» предназначен для просмотра электронных судебных документов через логин и пароль. Логин и пароль участник судебного процесса получает по SMS-сообщению на номер сотового телефона либо на электронный адрес.

ОТАН – ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Ж.Малибекова, Байзақ аудандық сотының бас маманы.

«Отан - отбасынан басталады» демекші, әр отбасының береке – бірлігі, әр сәбидің болашағы, оның өмірге деген көзқарасы отбасында ата-анасынан алған тәрбиесімен қалыптасады. Әрбір сәбидің балалық шағы ата – ананың мейірімі мен махаббатына бөленіп өтуіне не жетсін.

Алайда, қазіргі қоғамда жастардың отбасын құру мәселесіне келгенде салғырттық танытып, немқұрайлылықпен қарауы, қоғамда толық емес отбасылардың көбейіп, түрлі себептермен шаңырақтардың шайқалып, отбасылардың бұзылуына әкеліп соғуда. Мәселен, бір ғана Байзақ ауданы бойынша 2015 жылы «Қазақстан Республикасының Неке және отбасы туралы» Кодексіне сәйкес, 150-ден аса неке бұзу туралы азаматтық істер қаралды. Бұл мәлімет бір ғана Байзақ ауданы бойынша. Ал, елімізде қазіргі таңда неке бұзу белең алып отыр. Мұндай жағдайлар сол отбасында тәрбиеленіп отырған сәбилердің сана-сезіміне үлкен кедергі келтіріп, оның болашағына да әбден әсер етуі мүмкін.

Отбасын құру деген - ол әрбір адамның өміріндегі жауапкершілік пен міндеттерге толы, ең үлкен қадамдардың бірі. Сондықтан, отбасын құрарда кез-келген адам өзіне жүктелген жауапкершілікті сезініп, келешегін ойлап, өзінің қандай ата-ана болатынын, болашақ ұрпақтарына қандай тәлім – тәрбие беретінін, өзінің қандай іс - әрекетімен үлгі-өнеге болатынын саралап, қадам басуы тиіс деп ойлаймын.

Мемлекеттік органдардың сайлау бостандығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметі

Ж.Кушек, Байзақ ауданы прокурорының орынбасары, аға әділет кенесшісі.

Соттар, прокуратура, ішкі істер органдары, сондай-ақ сайлау комиссиясы дауыс беру күні, оның ішінде демалыс күндері де өз жұмыстарын ұйымдастырады. Олар азаматтардың шағымдарын қабылдау мен қарауды қамтамасыз етеді. Азаматтардың және ұйымдардың сайлау заңнамаларын бұзу туралы шағымдары сайлау комиссияларында шағым келіп түскен күннен бастап бес күн аралығында қарастырылады. Сайлау комиссиясы мен оның мүшелерінің шешімдеріне және әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану жоғары тұрған комиссияда шағым келіп түскен күннен бастап үш күн аралығында қаралады.

Сайлау комиссияларының құқықтары мен міндеттері.

Сайлау комиссияларының мүшелері мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болатын. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері өз өкілеттіліктерін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асырады. Сайлау комиссиясының басқа мүшелерін сайлау өткізу кезеңінде олардың келісімінсіз жұмыс берушінің ұйғарымы бойынша жұмыстан шығаруға немесе басқа жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді. Сайлау комиссиясының мүшесі сайлау комиссиясының отырысында сөз сөйлеуге, тиісті сайлау комиссиясының құзыретіне жататын мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге, комиссия құжаттарымен танысуға құқылы. Заңда сайлау комиссиясы мүшелерінің міндеттері нақты көрсетілген.

1. ҚР-ның Конституциясы мен заңнамаларын сақтау;
2. Жалпы жұрт таныған әлең нормаларын сақтау;
3. Азаматтардың сайлау құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету;
4. Шешімдер қабылдау кезінде әділ және тәуелсіз болу;
5. Кандидаттар мен партияның тізімі ұсынған саяси партиялардың қызметіне жария баға беруден аулақ болу;
6. Аталған комиссия орналасқан әкімшілік –аумақтық бірлік аумағында тұруға міндетті.

Тәртіпсіз ел болмас...

С. Айтжанов, Байзақ аудандық прокуратурасының прокуроры, екінші сыныпты заңгер.

2015 жылдың I қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі қолданысқа енгізілгендігі белгілі.

Аталған кодекстің 434-бабына сәйкес, ұсақ бұзақылар, яғни қоғамдық орындарда бұлаңып сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, тұрғын үй-жайларды қорлау, ортақ пайдалану орындарын, саябақтарды, скверлерді ластану, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау және айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер –он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамалқа алуға жазалауды көздейді.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, өткен 2015 жылы аудан сотымен 132 тұлғаға қатысты әкімшілік істер қаралып, нәтижесінде 127 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Оның ішінде, 74 тұлғаға қатысты айыппұл салынса, 53 тұлғаға қатысты әкімшілік қамалқа алу шарасы қолданылған.

Ал, ағымдағы жылдың өткен кезеңінде аудан сотымен 32 тұлғаға қатысты әкімшілік істер қаралған. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 25 пайызды құрайды.

Бұл санаттағы әкімшілік құқық бұзушылықтар, көбінесе, пісте шағып немесе темекі шегіп, қалдығын жерге тастап, яғни ортақ пайдалану орынды ластанп, айналасындағыларға сыйламаушылық білдіріп, қоғамдық тәртіпті бұзумен байланысты құқық бұзушылық әрекеттер орын алған.

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Біз ең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұзақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені, осының өзі қоғам тыныштығын бұзады, өмірдің сапасына селкеу түсіреді. Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы-қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам»-деп атап көрсеткен болатын.

Сондықтан, Б. Момышұлының: «Тәртіпсіз-ел болмас, тәртіпке бағынған-құл болмас» дегеніндей, барлықтарыңызды заң талабына бағынуға шақырамыз.

Материалдардың жариялану ақылары үміткерлердің қоры есебінен төленді.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕРМЕН ТАНЫСЫҢЫЗДАР:

№12 САЙЛАУ ОКРУГІНЕН ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР МАМЫРБАЕВА ГҮЛНАР СЕРІКҚЫЗЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мамырбаева Гүлнар Серікқызы-1959 жылы 5 тамызда Жамбыл облысы, Свердлов ауданы, Сарыбарақ ауылында дүниеге келген. 1975 жылы Түймекент ауылындағы орта мектепті аяқтаған. 1975-1977 жылдары М.Маметова атындағы орыс мектебінде химия кабинетінде зертханашы болып еңбек жолын бастаған. 1977 жылы Семей мемлекеттік медицина институтына оқуға түсіп, 1983 жылы «Дәрігер-педиатр» мамандығы бойынша диплом алған. 1983-1984 жылдары аралығында Жамбыл қаласындағы облыстық балалар ауруханасында интернатурадан өткен. 1984 жылы Түймекент дәрігерлік амбулаториясында учаскелік педиатр, 1985-1986 жылдары аудандық ауруханада балалар бөлімінің меңгерушісі, 1986-1996 жылдары балалар консультациясының меңгерушісі, 1996-2003 жылдары аудандық балалар дәрігері және консультативті-диагностикалық емхана меңгерушісі, 2003 жылдан бастап бүгінгі

таңға дейін аудандық орталық аурухана бас дәрігерінің орынбасары қызметін абыроймен атқарып келеді.

Облыс, аудан әкімдерінің, аудандық мәслихаттың Мақтау грамоталарымен, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталған.

2007 жылдан бері жоғары дәрежелі бала дәрігері.

2012 жылдан бері 1 дәрежелі ұйымдастырушы дәрігер.

Отбасында екі қыз және бір ұлдың анасы.

Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыруы керек. Дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі. Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Отанымыздың келешегінің көркеюі халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруда.

Қараңғы үйге кіріп келіп шам жақсаңыз, шам үйді жарық қылады. Көп қызыл гүлдің ішінен бір ақ гүл көрсен, көзің соған түседі. Біздің де өмірімізді жарық қылатын, жан-жағымызға тамаша сәулесін шашатын, өмірдегі басты байлық – денсаулық. Денсаулық – бұл адамның еңбекке белсенді болуы, әрі ұзақ өмір сүруі, тәттің саулығын және рухани саулығын сезіну.

«Денсаулық – зор байлық» дейді қазақ. Халықтың денсаулығын сақтау аурулардың алдын-алу мен оларды емдеу бағыттарында айқындалған. Ендігі басты мәселе - әрбір саналы азамат өз денсаулығын күтіп ұстап, елдің болашағына өз үлесін қосуы қажет деп есептеймін.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жыл сайынғы қазақстандықтарға жолдайтын Жолдауында денсаулық сақтау саласына ерекше көңіл бөліп келеді. Осы саланың дамуына бағыт-бағдар беретін Елбасының тапсырмаларын

басшылыққа ала отырып, денсаулық сақтау жүйесінде медициналық қызмет сапасын заман талабына сай арттыру және әрбір аудан тұрғынының қол жеткізу мүмкіндігін жетілдіру, салауатты өмір салтын насихаттау қажеттілігіне басты назар аударылууда.

Мысал үшін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі жыл сайын кеңейіп келеді. Бүгінгі таңда медицина ұйымдарының барлық іс-шаралары «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылууда. Бұл бағдарламада ұлт денсаулығын нығайту мақсатына жетуге бағытталған міндеттер қойылған. Мемлекеттік бағдарлама денсаулық сақтау саласын жаңа сапалық деңгейге көтеретініне көзіміз жетіп отыр.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ:

-Ауылдағы тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға, білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік салаларды дамытуға және ауыл мәдениетін көтеруге, облыс экономикасының өсуіне арналған бюджеттік қаржының дұрыс бөлінуіне ықпал ету;

-Қоғамның құқықтық мәдениеті мен құқықтық сана-сезімін тәрбиелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыруға ықпал ету;

-Ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыру және агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің экспортын өсіруге жағдайлар қалыптастыру;

-Ауылдың ауыз су және жол жөндеу мәселелерін шешуге ықпал ету;

-Білім және мәдениет ошақтарының жұмысының жандануына, халық арасында спортты қолдауға күш жұмсау;

-Еңбек нарығындағы жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныс арасындағы кәсіби-біліктілік дисбалансын келтіру;

-Дәстүрлі білім беру жүйеміздің жетістіктерін және әлемнің озық тәжірибесін қабылдай отырып, білім беру жүйесін дамытуға ықпал жасау.

Менің алға қойған міндеттерім:

-Ана мен баланы қолдап, болашақ және көп балалы ана үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында балабақшалардың қолданысқа берілуіне күш салу;

-Толық емес және тұрмысы төмен отбасы балаларын, мүгедек балаларды қолдаудың тетіктерін жетілдіруге үлес қосу;

-Халықтың әлеуметтік әлсіз жіктеріне әлеуметтік көмек көрсетудің өлшемдерін жетілдіру, мүмкіндігі шектәулі азаматтарды әлеуметтендірудің жаңа нысандарын әзірлеу мен енгізуге ықпал ету;

-Жастырдың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және оларды салауатты өмір салтына баулу бағытында спорттық алаңдардың көптен ашылуына және спорттық құрал-жабдықтармен жаңартуға атсалысу.

МЕНИҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫМ - САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ!

БАЙЗАҚ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕРМЕН ТАНЫСЫҢЫЗДАР:

№1 САЙЛАУ ОКРУГІНЕН АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР ЗАУРБАЕВА МЕРУЕРТ КЕҢЕСҚЫЗЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Заурбаева Меруерт Кеңесқызы - 1982 жылдың 10 желтоқсанында Байзақ ауданы, Сарыкөмер ауылында дүниеге келген.

2000 жылы Н. Киикбаев атындағы орта мектебін бітірген.

2002 жылы Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Ағылшын және неміс тілдері пәндерінің мұғалімі» мамандығына оқуға түсіп, 2007 жылы оқу орнын аяқтаған.

2004 жылы «Тараз газ шаруашылығы басқармасы» ЖШС-і Байзақ газ пайдалану учаскесіне маман болып жұмысқа орналасқан.

2012 жылы «КазТрансГаз Аймақ» АҚ-ы Жамбыл өндірістік филиалының технигі болып жұмыс атқарған.

2013 жылы «Жамбыл гуманитарлық-техникалық университетіне: «Экономика және бизнес» бакалавры академиялық дәрежесі дипломын алған.

2015 жылдан бүгінгі күнге дейін «Интергаз Централдық Азия» АҚ-ы Тараз магистралдық газ құбырлары филиалында шебер болып еңбек етуде.

2016 жыл егемен еліміз үшін үлкен саяси науқаннан бастау алып отыр. Ол демократиялық даму жолын ұстанған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен жергілікті мәслихаттардың кезектен тыс сайлауын өткізумен ерекшеленуде.

2016 жылдың 20 қаңтарында Елбасы Н.Ә.Назарбаев – 20 наурызды елімізде сайлау күні деп белгілеп, арнайы Жарлыққа қол қойды. Осылайша елімізде үлкен саяси науқан бастау алды.

Бүгінгі әлемдік экономикалық дағдарыс өз үстемдігін жүргізіп отырған шақтағы бұл саяси қадамды барша отандастарымыз жан-жақты қолдап отыр.

Бұл қадам – Ұлт Тәуелсіздігін нығайтуға, мемлекетіміздің дамуына және көпұлтты халқымыздың баянды өміріне жаңа жол ашпақ.

Еліміз жиырма бес жылдық Тәуелсіздік тарихында – көпұлтты Қазақстан Елбасы, Ұлт көшбасшысы, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың сара саясатының арқасында үлкен өркендеу мен өсу жолынан өтті.

Өндіріс өркендеді. Ауыл шаруашылығы дамыды. Халқымыздың тұрмысы

жақсарды. Шағын және орта бизнес қанат жайды. Білім, денсаулық, мәдениет, спорт салалары жаңа деңгейге көтерілді.

Ең басты құндылығымыз – көпұлтты халқымыздың татулығы мен бірлігі артып, жарасымды ынтымағы мен өзара келісімі деп білемін. Осылайша, Қазақстан әлемге танылды.

Еліміз мемлекеттермен саяси, экономикалық және сауда байланысын орнатты. Сондықтан да, мен туған Отанымызды, оны басқарып отырған Елбасын орынды мақтан етемін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ:

-Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалардың, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларының орындалуына белсенділік көрсете отырып, сайлаушылар талаптарын жүзеге асыру. Бар күш-жігерімді жұмсап тұрақты комиссия отырысында белсенділік көрсетіп, сессияда мәселелердің толығымен бекітілуіне атсалысу;

-Депутат болып сайланған жағдайда, Сіздер үшін қызмет етіп, өзімнің азаматтық парызымды өтеуді сайлаушылар алдында міндетім деп санау;

-Зейнеткерлер, мүгедектер, көп балалы және әлеуметтік жағынан аз қорғалған отбасыларына көмек көрсету, кедейшілікпен күресу өзімнің азаматтық борышым деп есептей келе, осы мақсатта мемлекет қабылдаған әлеуметтік бағдарламалардың сапалы жүзеге асуына ықпал жасау;

-Аудандық, облыстық бюджеттен мекемелерге және әлеуметтік нысандарға ауыл ішіндегі жолдарды жөндеуге қаражаттың бөлінуіне ықпал ету;

-Ауылдағы шаруа қожалықтарына «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» және «Бизнестің – 2020» мемлекеттік бағдарламалары бойынша тиісті микрокредиттік мекемелермен жұмыс істеуге атсалысу;

-Мәдени, спорттық іс-шараларды көп өткізуге ықпал ете отырып, ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалануын қамтамасыз ету;

-Ауылды абаттандыру, көгалдандыру мен көгеріштендіру барысында халыққа экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатты қорғап, молайту бағытындағы шараларды жандандыруға күш салу.

МАҚСАТЫМ – САЙЛАУШЫЛАР ҰСЫНЫСТАРЫН ЗЕРДЕЛЕП, ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ.

Материалдардың жариялану ақылары үміткерлердің қоры есебінен төленді.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕРМЕН ТАНЫСЫҢЫЗДАР:

№10 САЙЛАУ ОКРУГІНЕН ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР МАНИЕВА ЖАРҚЫНАЙ ШАДЕКҚЫЗЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Маниева Жарқынай Шадекқызы - 1969 жылдың 11 сәуір айында Жамбыл облысы, Свердлов ауданы, Михайловка елдімекенінде дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары. 1988 жылы Жетісай педагогикалық училищесін бітіріп, «Мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешісі» мамандығын алған. Жамбыл гуманитарлық техникалық университетінде «Бастауыш оқытудың әдістемесі мен педагогикасы» мамандығын алды. Еңбек жолын 1988 жылы Свердлов ауданы Михайловка ауылында орналасқан №6 балабақшасында тәрбиеші қызметінен бастаған. 1989-1994 жылдар аралығында Свердлов ауданының халық депутаттары Михайловка селолық Советінің депутаты

болып қызмет етті.

1999-2001 жылдары Сарыкемер ауылындағы №6 балабақшада әдіскер, 2008 жылы Сарыкемер ауылында F.Мұратбаев атындағы мектеп-гимназиясында бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарды. 2010 жылдан бастап Байзақ ауданы Сарыкемер ауылында орналасқан «Балапан» балабақшасында меңгеруші қызметін атқаруда.

Тұрмыс құрған. Отбасында 2 ұл, 1 қыз бар.

Халқымыз «Балаңа бес жасқа дейін патшандай қара» деген сөзінде де тәрбиенің терең мәні жатыр деуге болады. Баланың патшадай көңіліне адамгершілік қасиетін ұялату әрбір ата-ананың міндеті болса, тәрбиеші мен ұстаздардың парызы сол ақылға ақыл қосу. Адамның бары да, байлығы да бала екені көзге көрініп-ақ тұрады. «Балам аман болсын, басқасының барлығы табылады» дейтіні де осыдан шығар. Өмірдің өзі балалармен мәнді де сәнді. Көңілің күрсінгенде, баланың бір күлгенін көріп, жаның жай табады. Өз басым балалардың балалығына даналық қосуға үлесі зор балабақша деп білемін.

Пәк те таза, аңғал да адал сәбилеріміздің тәрбиесіне дұрыс көңіл аударып, олардың сөйлеу мәнерін қалыптастырып, салауатты өмір сүруге баулу әрбір ата – ананың міндеті деуге болады. Ал, ата-ана берген тәрбиеге балабақша тәрбиешілерінің де қосар үлестері зор. Себебі, тәрбие бастауы – балабақшадан.

Жалпы алғанда балаға айналадағы өмір шындығының әсері мол. Айналасындағы үлкендердің, өзінен ересек балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек

өрекеті – бәрі балаға үлгі-өнеге. Бүгінгі балалар тез жетіліп келеді. Олар айналадағы болып жатқан барлық оқиғаларды білгісі келеді. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасының тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда бала тәрбиесіндегі балабақшаның орны ерекше. Себебі, балабақшаға баратын бала қоғамда өз ойын ашық айтуға үйренеді. Сонымен қатар, жан-жақты жетіледі. Елбасымыз өз сөзінде 2020 жылға қарай барлық мектеп жасына дейінгі балалар балабақшамен қамтылуы тиіс екендігін айтқан болатын.

Шығыстың ғұлама ғалымы әл-Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін деген екен.

Қазақ қай заманда да ұрпақ қамы, бала болашағына бей-жай қарамаған. Болашақ ұрпағының арлы, намысты болып қалыптасуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасаған. Бала тәрбиесі бүгін де, ертең де күн тәртібінен түспейді және ол ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті болып қала бермек.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ:

-Ауылдағы тұрғындардың өл-ауқатын жақсартуға, білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік салаларды дамытуға және ауыл мәдениетін көтеруге, облыс экономикасының өсуіне арналған бюджеттік қаржының дұрыс бөлінуіне ықпал ету;

-Қоғамның құқықтық мәдениеті мен құқықтық сана-сезімін тәрбиелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзбейшілік көзқарасты қалыптастыруға ықпал ету;

-Ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыру және агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің экспортын өсіруге жағдайлар қалыптастыру;

-Ауылдың ауыз су және жол жөндеу мәселелерін шешуге ықпал ету;

-Білім және мәдениет ошақтары жұмысының жандануына, халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға күш жұмсау;

-Еңбек нарығындағы жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныс арасындағы кәсіби-біліктілік тепе-теңдігін кеміту;

МЕНИҢ АЛҒА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕРІМ:

